

**ГЕТЕНІҢ «ЖОЛАУШЫНЫҢ ТҮНГІ ЖЫРЫ» ӨЛЕҢІНІҢ
ТҮПНҰСҚАСЫ МЕН АУДАРМАЛАРЫН САЛЫСТЫРЫП ТАЛДАУ**

Айгүл Сметова

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

*Гете шығармаларының аудармасында,
біз аудармашыны емес, Гетені ғана көргіміз келеді.
Тіпті Пушкиннің өзі Гетені аударуға бел буса,
аудармаларда Пушкинді емес,
Гетені танытуды талап етер едік.*

В.Г. Белинский

Гетенің «Ночная песнь странника» – «Жолаушының түнгі жыры» 1780 жылы 7 қыркүйекте түнде Ильменау маңайындағы Кихельхан тауының басындағы ағаш үй қабырғасына қарындашпен жазылған. Оны қазақ тілінде сөйлеткен Абай атамыз. Түпнұсқа тілін білмеген ол, Лермонтов нұсқасын пайдаланып, орыс тілінен тәржімалайды. Абай қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлес қосқан бірден-бір қазақ әдебиетінің классигі, ақын, композитор, қоғам қайраткері, аудармашы. Абай қашан да оқырмандардың, ақындардың, сыншылардың назарында. Ол оқырмандарға тек өз өлеңдерін ғана сыйлап қоймай, сондай-ақ өзге ұлттың, мәдениеттің шығармаларын тамашалауға септігін тигізді. Көптеген абайтанушылар әлемге аты әйгілі тұлға жайында бірер ойлар жазып, көпшілікке ұсынуда. Солардың бірі – Тәкен Әлімқұлов. Классик жазушы ұлттық әдебиеттанудың күретаымыры Абайтану ілімінің дамуына ерен үлес қосқан ғажайып дарын иесі. Ғалымның Абай шығармашылығына арналған «Абай» (1954) монографиясы, М. Әуезовпен бірлесіп жазылған «Из истории казахской литературы» зерттеу мақаласы («О прошлом и настоящем» (1958) еңбегінде) абайтанудағы біліктілігін танытты. Ал «Әнді сүйсең, менше сүй» («Қазақ әдебиеті». 1970.3.07), «Абайды тану туралы» («Қазақ әдебиеті». 1971.19.03), «Толғауы тоқсан қызыл тіл» («Қазақ әдебиеті». 1971.14.05), «Тағы Абай мұрасы хақында» («Қазақ әдебиеті».1974.5.07) т.б. мақалаларында ұлы ақын өмірі мен әдеби мұрасы, поэзиясының көркемдік-эстетикалық қуаты ғылыми проблемалық сипатта қарастырылды. Кеңестік әдебиеттану ұстанған маркстік-лениндік қасаң ілім шырғауына шырмалмаған еркін ойлы тау тұлға Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» (1978) зерттеуі адамзаттық мәндегі ұлы тұлға Абайдың шығармашылық құбылысына ақын өскен орта, рухани нәр алған халықтық ілкі қасиетке толы қайнар бұлаққа эстетикалық биіктен, ұлттық рухтағы ойлы көзбен қараудағы ғылыми-зерттеушілік арнаға соны

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

тыныс дарытты. Тәкен Әлімқұлов: «Абай аудармамен айналысқан кезде орыс әдебиетіне қанық, орыс тіліне жетік еді. Оның екі тілде еркін ойлайтыны: «Айтыңызшы, болсаңыз здравомыслящий» деген тәрізді стихиялық жолдардан да аңғарылады. Көркем аударманы орыс тілі қанына сіңген кезде бастаған Абай қол жетпес үлгілер жасай білді. Ол аударма атаулыны жарысқа түсіріп, жалаң еліктеуден, көлбегей көшіруден, болымсыз бөгделеуден құтқарды. Табиғатында эстет емес, эстетик Абай көкейіне қонатын мәнді, маңызды, күрделі шығармаларды таңдады. Және оларды менменше бейімдеп, бұрмалап, берекесіздендіріп обал жасамайды. Кейінгі кейбір эстет ақындарша ұрлыққа жуымай, түпнұсқасын дәл көрсетіп отырды. Ана тілден айна-қатесіз балама тауып, жүректің қанымен жазудың үлгісін жасады. Қазақ тіліне аударуда біздің күні бүгінге шейін Абай тәжірибесіне соқпай, оған мойын ұсынбай өте алмайтынымыз да – бұрқыраған қайнардың қасиеті бар» – деп жазған бір мақаласында [1]. Яғни Тәкен Әлімқұлов айтқандай, Абай жазушыға еліктемеді, ол - жаңадан туынды жасай білген ақын. Абай тек негізгі идеяны жеткізуге тырысты және оны жеткізе білді. Академик Зәки Ахметов: “...ақынның аударма өлеңдерінің ешқайсысы оның төл шығармаларынан бөлекше, екінші қатардағы шығарма деп саналмауы керек. Абайдың ақындық шеберлігін, ойлау, бейнелеу өзгешілігін танытуы жағынан олардың мәні ешбір кем емес” [2], - деп көрсеткен. Бұл сөздің мәні тереңде жатыр. Иә, аударылған өлең – аударған ақынның да өлеңі. Аударылған туынды енді сол шығарма тәржімеленген тілдегі әдебиеттің туындысы.

Аударма мен түпнұсқаның аражігі туралы деректі һәм сезімге толы ой толғанысында Герольд Бельгер «Брат среди братьев» атты жинағында [3] жазды. Мақала 1978 жылы жазылған: «Кезбенің түнгі жыры»: Гете-Лермонтов-Абай». Г. Бельгер Гетенің миниатюрасының тууын, оның орыс пен қазаққа асыл мұра болып сіңуін қоса кереметке балайды.

«Гете Эккерманмен әңгімелескенде бұл өлең туралы былай деген: дерексіз нәрсені жырлау маған тән үлгі емес. Ол шабыты шалқып, жүрегі толқып, осы бір тылсым әсерлерін қағазға түсіре білген. Ақын өзінің көркем әсерін өзге жұртпен бөлісуді аңсаған», - деп жазады Г. Бельгер. Ол Лермонтов пен Абайды Гетені көзсіз қайталаушы, даяр үлгіні малданушы емес, теңдес ақындар ретінде қарастырады. Поэзияда аудармашы ақынға бәсекелес, лайықты бақталас, күндес деп өзара жарыстырып қоятын шалағай ұғымдар бұл арада шет.

«Это даже не перевод в обычном понимании, а соревнование на равных между большими поэтами, переложение, точнее, духовное созвучие», - деп жазады Г. Бельгер. Зерттеушінің айтуынша, Лермонтовта нақты дәлдік жоқ. Ол Гетеден тақырып, идея, өлеңнің мәнін ғана алады да, өзінше береді. Ол сөздерді емес, стильді, екпінді, өлеңнің сазын аударды, соның үшін шынайы орыс рухына сай жыр туды. Дәлдік тұрғыда айтсақ өлеңнің ең соңғы екі

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

жолы түпнұсқаға деп: «Подожди немного, / Отдохнешь и ты». Лермонтов нақты. Орыс тілінің жаратылысына дәлдік тән. Абай еркін көсілгенмен соңғы шумақты бұлжытпай аударма білгенін зерттеуші айтады. «Мен бұл өлеңдерді бала кезімнен жатқа білемін. Біздің ауылда бұл жолдар былайша шырқалатын еді:

*Шаң шығармас жол-дағы
Сыбдырламас жапырақ.*

Абай шығармаларының соңғы басылымына таңдандым [4, 208] «Сыбдырламас жапырақ» деген жерде - «Сілкіне алмас жапырақ» делініпті. Аса бір айырма жоқ...» - дей келе, Г. Бельгердің алғашқы нұсқаны қазқалпында беруді жөн көргенін өте оң қабылдауымыз керек.

Абай аудармасы Лермонтовқа өте жақын деп, екі ақынның арасындағы айырмашылықтың орасан емістігіне меңзейді. Лермонтовтағы «аңғар», «алқап» делінген ұғым Абайда қазақ халқының жаратылысына сай «дала» деп берілген, осыны аңдайды. Зерттеуші үш алыптың рухани біртұтас болмыс-бітіміне, жан туыстығына сүйініп, мұның жұмбағына ой жүгіртеді. «Батыстың озық ойлы даналары мәдениеттер тоғысуына әрдайым ұмтылды, рухани көпір сала білді. Осындай данышпанның бірі Гете болды. Ол Шығыс пен Батыстың бірдей құдайшылығына сүйініп жыр жазған» деп тұжырымдайды автор.

Г. Бельгер тек түпнұсқа мен аударманы талдап қана қоймай, аударманың жолма-жол нұсқасын ұсынады. Жоғарыда атап өткенімдей, Абай түпнұсқа ретінде Лермонтов тәржімасын пайдаланады. Сол себепті Лермонтов ұсынған нұсқаны зерттеп, өзге де аудармалармен салыстыруымыз қажет. Олар: И. Анненский, В. Брюсов, Б. Пастернак, Ю. Александров және Бельгердің жолма-жол аудармалары. Қазақ тіліне «Жолаушының түнгі жырын» Бауыржан Момышұлы жолмажол тәржімалаған.

Гете өлеңінің түпнұсқасы:

1. *Über allen Gipfeln*
2. *ist Ruh',*
3. *in allen Wipfeln*
4. *spurest du*
5. *kaum einen Hauch.*
6. *Die Vögelin schweigen im Walde.*
7. *Warte nur, balde*
8. *ruhest du auch.*

Лермонтов:

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

1. Горные вершины
2. Спят во тьме ночной;
3. Тихие долины
4. Полны свежей мглой;
5. Не пылит дорога,
6. Не дрожат листья...
7. Подожди немного,
8. Отдохнешь и ты.

Брюсов:

1. На всех вершинах
2. Покой;
3. В листве, в долинах
4. Ни одной
5. Не дрогнет черты;
6. Птицы спят в молчании бора.
7. Подожди только: скоро
8. Уснешь и ты.

Анненский:

1. Над высью горной
2. Тишь.
3. В листве уж черной
4. Не ощутишь
5. Ни дуновенья.
6. В чаще затих полет...
7. О, подожди!.. Мгновенье –
8. Тишь и тебя... возьмет.

Пастернак:

1. Мирно высятся горы.
2. В полусон
3. Каждый листик средь бора
4. На краю косогора
5. Погружен.
6. Птичек замерли хоры.
7. Погоди: будет скоро
8. И тебе угомон.

Пастернактың аудармаларынан басқа аудармаларға одан алды сын баға берілген болатын.

А.А. Фет: «Лермонтов Гетенің бәріне әйгілі «Uber allen Gipfeln» өлеңін аударған; дегенімен өлеңнің сыртқы формасынан ауытқыған. Сонда не шықты? Мазмұны жағынан ұқсас, рухы, оқырмандарға әсер ету жағынан өзгеше екі түрлі өлең пайда болды. Гете бізге таудың, ағаштың басына бейқам, тіпті көңілді түрде назар салуымызды сұрайды. *Ruhest du auch* жұбанышы күтпеген жерден келеді. Ал Лермонтовта болса бірінші сөзден-ақ күздегі тыныштық өлең түйінін сезінуге итермелейді [5]. Нақты бір баға берілмегенімен, Лермонтовтың түпнұсқадан ауытқығандығы жайлы сөз етілетіні бірінші жолдан-ақ білінеді.

1914 жылы А. Сидоровтың мақаласы жарық көреді, оның екінші бөлімі «Горные вершины» өлеңінің талдау жұмысына арналады. Бұл мақала сынға толы. Бір жағынан Лермонтов Гетені нашар аударғандығы туралы айтылса, екінші жағынан Лермонтов аудармасы дербес өлең ретінде тамаша өлең, құндылығы жағынан Гете өлеңінен кем түспейді деп баяндалады [6, 40–41].

Бұл аудармалар жайлы өзге де сыншылар пікір білдірген. В.М. Жирмунский өзінің белгілі еңбегінде [7] әрбір аудармаға өзіндік баға береді. «Лермонтовтың поэтикалық дамуына Гетенің маңызы аса емес екендігін» нақтылап, «Лермонтовтың түпнұсқадан ауытқығандығының бірден-бір себебі байрондық көңіл-күй» деп сипаттайды. Брюсов аудармасында музыкалық-ритмикалық жағына көңіл бөледі: «Брюсов музыкалық-ритмикалық жағынан түпнұсқаға жете білген, дегенімен ол түпнұсқаның эмоционалдық тонын күрделендіріп, бұрмалайды. Анненский аудармасы қысқа ғана түрде, мазмұны жағынан сипатталған: « «Жолаушының түнгі жыры» өлеңінде ол өз лирикаларынан көрініс табатын жақындаған өлімнің қорқынышын бейнелейді.

А.В. Федоров [8] өз жұмысында Лермонтов аудармасына нақты талдау жүргізеді. Ол Лермонтов тәржимасын өзге аудармалармен салыстырмайды, өлең тәржимасына келесідей баға береді: ««Горные вершины» өлеңі «Гетеден» деген тақырыппен берілген, яғни аударма категориясына жатқызылған, алайда аударма неміс нұсқасынан мүлдем алшақтаған және оған ұқсамайды да. Гете өлеңінде берілген элементер аудармадан орын алмай, дербес өлең ретінде қабылданады.

Қазақ тіліндегі нұсқа неміс тілінен ауытқыған, түпнұсқаға мүлдем сай болмағанымен, Абай аударманы қазақ оқырманына, қазақ халқының дәстүріне, менталитетіне бейімдей білді. Өлең жұртшылықтың көңілінен шықты десем еш асыра түспейм.

Аударма мен түпнұсқаны салыстыру барысында, ең алдымен, аударманың қаншалықты түрде түпнұсқаға дәл екендігін анықтаймыз. Яғни лексикалық құрамына талдау жүргіземіз.

а) балама сөздердің саны;

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

- б) мағынасы жағынан келетін, яғни синоним сөздердің саны;
в) аудармашы тарапынан қосылған сөздер саны.

	Нақты сөздер (мәні бар сөздер)	Демеулік (предлог)	Одағай сөздер	Барлығы
Лермонтов	19	1	-	20
Брюсов	19	4	-	23
Анненский	18	3	1	22
Пастернак	17	5	-	22
Абай	25	-	-	25
Момышұлы	14	3	-	17
Г.Бельгер	17	3	-	20

Енді әрбір сөзді алып, оның қаншалықты түпнұсқаға келетінін көрейік:

	Нақты сөздер (мәні бар сөздер)	Түпнұсқадағы сөздермен сәйкестігі		
		Сәйкес келеді	Синоним сөздер	Аудармашы тарапынан қосылған сөздер
Лермонтов	19	6	2	11
Брюсов	19	12	3	4
Анненский	18	7	2	10
Пастернак	17	5	2	10
Абай	25	6	1	17
Момышұлы	14	Жолма-жол аударма		
Г.Бельгер	17	Жолма-жол аударма		

Бұл кестеден біз келесідей қорытынды жасай аламыз, яғни лексикалық тұрғыдан Брюсов аудармасы түпнұсқамен бара-бар. Келесі орында Анненский аудармасы тұр. Пастернак, Лермонтов, Абай тәржімалары түпнұсқадан алшақтаған. Момышұлы мен Бельгер жолма-жол аударма тәсілін таңдағандықтан, аударма тіліндегі туынды түпнұсқаға сәйкес келеді. Брюсов пен Анненский аударма нормаларын сақтауға тырысқандығын көріп отырмыз. Абай мен Лермонтов бұл нормалардан гөрі, өлеңнің көркемдік-эстетикалық құндылығын беруге талпынды және солай шықты деп ойлаймын.

Бірінші бөліктің аудармасы:

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Над всеми вершинами // Тишина... деген тұсын Лермонтов: *Горные вершины // Спят во тьме ночной; // Тихие долины // Полны свежей мглой.* Ал Абай: *Қараңғы түнде тау қалғып, Ұйқыға кетер балбырап. Даланы жым-жырт, делсал қып, Түн басады салбырап* деп аударады. Бұл тармақтарды оқып, әрбір аударманы дербес қарастырар болсақ, кімнің өлеңі барынша бейнелі, көркем деген сұрақтар да тууы мүмкін. Алайда сұрақ дұрыс қойылмаған, «Гете өлеңі қандай өзгерістерге ұшыраған және ол аудармаға нұқсан келтірді ме?» деген сауал тууы керек. «*Вершина*», яғни «*шың*» деген сөз аудармада түсіріліп, орнына «*горные вершины*» деген эпитеті қолданған және «*тишина*», «*тыныштық*» деген сөз «*спят во тьме ночной*», «*ұйқыға кетер балбырап*» деп өзгертіледі. Гетеде ұйқы, түн жайында сипатталмайды. Түпнұсқада жасырынған тұстар аудармадан орын алады. Әрине, көркемдік жағынан Абай озды деген ұйғарымға келемін. Абай әуелі тауды қалғытады да, содан кейін барып, балбыратып ұйқыға батырады. Өлең оқыған адамды тыныштыққа белеп, маужырат-қалғандай болады. Енді етістік санын санайтын болсақ, орыс нұсқасында ешбір қимыл-әрекетті білдіретін сөзді көрмейміз. Ал Абайда етістік саны – 4, яғни әрбір тармаққа бір етістіктен келеді.

Тармақтың екінші бөлігі – *Тихие долины // Полны свежей мглой* – тіпті Гете өлеңіне сәйкес келмейді де, аудармашының өзіндік бір шығармашылығын танытады. Мәтін көлемін ұлғайтқан Лермонтов пен Абай өз тарапынан сөздер қосқан, аудармадағы бір ғана сөз түпнұсқаға балама болып табылады, дәлдік, аударма деген ұғымдар бұл нұсқалардан көрініс таппайды. Ал Пастернактың *Мирно высятся горы* деген аудармасы барынша қысқартылады да, басты назар тауларға ауады, тыныштық ұғымы содан кейін ғана көрінеді. Сол себепті, Пастернак та Гетені бере білмеген. Анненский мен Брюсов аудармалары өзге аудармашылардың нұсқаларына қарағанда, барынша жақын. Анненский: *Над высью горной // Тишь* деп түпнұсқадағы бір сөзді Лермонтов секілді эпитетпен береді. Алайда «*высь*» сөзі неміс тіліндегі сөзге баламалы емес. Себебі, ол нақты бір ұғымды білдірмейді. Бірақ бұл қайшылықтар соншалықты орасан емес, сол себепті Анненский аудармасы барынша түпнұсқаға жақын аударма болып табылады.

Брюсов аудармасы түпнұсқаға Анненский нұсқасынан да жақын: *На всех вершинах // Покой.* Лексико-семантикалық және мазмұндық тұрғыдан Брюсов аудармасынан асып түспейтін аударма жоқ.

Екінші бөліктің аударылуы:

Екінші сөйлем, пейзаждың екінші бөлімі, орман туралы бейнелер былай деп берілген: *Во всех макушках // Ты не ощутишь // Почти никакого дуновения,*

Лермонтов та, Абай да өзінің пейзаждық сипаттауын жалғастыра, оны екі тармақтарда береді: *Не пылит дорога, // Не дрожат листья. «Шаң шығармас жол-дағы. Сілкіне алмас жапырақ».*

Бірінші де, екінші сөйлем де Гетеде жоқ, түпнұсқада бұл бөлік аудармада секілді әсерлі, сондай бір көрнекі емес. Себебі Гете тек ешбір сыбдырдың, желдің дауысының естілмеуін сипаттаса, Лермонтов та, Абай да жапырақты өз

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

тараптарынан қосып, аударманы әсерілейді. Брюсов бұл жолды үш тармақпен береді: *В листве, в долинах // Ни одной // Не дрогнет черты*, оның бұл бөлігі бірінші бөлігі секілді дәл емес. Брюсов аудармадан шамалы ғана ауытқыған. Мысалы, «не дрогнет черты» деген тіркесті қарастырар болсақ, «черта» деген сөздің бірнеше анықтамасы бар, сол себепті оның бір нақты мағынасы жоқ. Менің көз алдыма «не дрогнет черты» деген кезде, өте бір қауіпті, салқын қанды адамның бейнесі келеді. Анненков болса өз жолынан таймай, бұл тұсты да аудармаға жақын етіп аударады: *В листве, уж черной, // Не ощутишь // Ни дуновенья*. Анненский Брюсов секілді жеті сөзді пайдаланады. «*Ни дуновенья*» сөзі түпнұсқаға жақын, «*листва*» сөзін аудармашы өз тарапынан қосқан, яғни бұл эпитетті аудармашы өлеңге келеседі деп санаған болар. Бұл да дұрыс: себебі, қараңғы түскен кезде жапырақ та өз бояуын жоғалтып, түнмен бірге қара түске боялады, екінші жағынан аудармашы бұл сөзбен өлімнің жақындағандығын, сөл сезімді білдіреді.

Пастернак аудармасына келер болсақ, көлемі жағынан түпнұсқаға сай емес, ұйқасы да Гетенікі секілді емес. Пастернак Лермонтовтан бетер түпнұсқадан алшақтаған. Үшінші бөліктің аударылуы: Өлеңнің бұл бөлігінде – *Птички молчат в лесу* деп баяндалады. Қысқалығына қарамастан, қарапайым, сондай-ақ әрқилы етіп бейнеленген. Лермонтов, Абай бұл бөлікті тастап кетіп, өзге сипаттаулармен алмастырған. Анненский бұл үш сөзді аударма тіліндегі үш сөзбен берген: *В чаще затих полет*, түпнұсқаға «*чаща*» сөзі ғана баламалы. Мұнда құстар тым-тырыс, өз орындарында, қимылсыз отыр деген ой сипатталады. Алайда бұл түпнұсқадағы ойға келіспейтін секілді. Брюсов: *Птицы спят в молчании бора, однако и он не безукоризнен* деп түпнұсқаға сейкес етіп аударады. Гетеді құстар үнтүнсіз болса, Брюсовта олар ұйқыға кеткен. Ұйықтау үндемеу ұғымды білдіретіні сөзсіз, дегенімен, үндемеу деген ұйқыға кету әрекетін білдірмейді. Брюсов бұл ұғымды фқшамдап жіберген. Брюсовтан дәлдікпен асқан Пастернактың *Птичек замерли хоры* – деген аудармасы түпнұсқа секілді қысқа..

Соңғы бөлігі *Подожди только; скоро // Отдохнешь и ты* деген жолдарының түрлі нұсқаларын тамашалай аламыз. Аудармашылар бұл тұста сөздің баламасынан гөрі, синонимдерін беруге тырысқан. Брюсов «*Уснешь и ты*» деп алса, Анненский «*Тишь и тебя ... возьмет*» деп тәржімалайды. Қалған аудармашылар «*Отдохнешь и ты*» деп өлең жолдарының аудармасын аяқтайды. Мұндағы Абайдың «*Тыныштыңарсың сен дағы, Сабыр қылсаң азырақ*» деген тәржімасы маған өте ұнады, көңілімнен шықты. Абай образды, көркем бейнелей отырып, түпнұсқадағы бар ойды бере білген.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Өлең мәтіндері	Өлеңдегі буын саны							
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII
Түпнұсқа	6	2	5	3	4	8	5	4
Лермонтов	6	5	6	5	6	5	6	5
Брюсов	6	2	5	3	5	9	7	4
Анненский	5	1	5	4	5	6	7	6
Пастернак	7	3	7	7	3	7	7	6
Абай	8	8	8	7	7	8	7	7
Бельгер	7	3	5	4	7	6	7	7
Момышұлы	7	9	9	6	7			

Буын саны жағынан ешбір аудармашының тәржімасы түпнұсқамен дәл емес. Кестеден байқайтынымыз, Анненский мен Брюсов өлеңнің лексикалық құрамын да, буын санын да дәл болмаса да, түпнұсқаға жақын етіп бергісі келгендігі көрінеді. Абай өлеңді қазақ тіліндегі өлеңдерге бейімдеп, яғни әдетте қазақ өлеңдеріне 7, 8 буынды өлеңдер тән, ал Абайдың нұсқасындағы буын саны бойынша кейбір жерлерде түпнұсқадан екі есеге көп беретінің аңғара аламыз. Басында айтып өткенімдей, Абай дәлдікті емес, керісінше ойға қонымды, қабылдауға ұтымды туынды жасауды көздейді. Өлең жолына келетін болсақ, аудармашылардың барлығы дерлік 8 тармақты сақтаған. Тек Б. Момышұлы жолма-жол аударманы 5 тармақта бейнелеген.

Поэзияда өлең әуезді, ырғақты болуы үшін ұйқастың маңызы зор. Аудармашылар түпнұсқадағы ұйқасты сақтай білген бе?

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Түпнұсқа	Abab cddc
Лермонтов	Abab cdcd
Анненский	Abab cdde
Брюсов	Abab cddc
Пастернак	Abccbadb
Абай	Abab cdcd
Бельгер	Жолма-жол аударма (ұйқас жоқ)
Момышұлы	Жолма-жол аударма (ұйқас жоқ)

Ұйқасы жағынан, Брюсов Гетені орыс тілінде қайталаған. Абай Лермонтов секілді шалыс ұйқаспен аударған. Өзге аудармашылар тіпті ауытқыған. Түпнұсқадағы екінші шумақ орама ұйқаспен берілген. Брюсовтан өзге аудармашылар бұл шумақты түпнұсқадағыдай орама ұйқаспен аударма алмаған. Бельгер мен Б.Момышұлыда ешқандай ұйқас жоқ, олар ұйқассыз, өлеңнің жолма-жол нұсқасын ұсынған.

Өзге тілден тәржімаланған дүние қашан да ұлт әдебиетін молайтып, сол халықтың мәдениетімен, әдебиетімен, дәстүрімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл жолда аудармашыларымыздың еңбегі зор. Кемшіліктер болғанымен, автордың стилін сақтамағанымен, аудармашылар негізгі ойды, идеяны оқырмандарға жеткізе білген. Поэзия аудармасы өте күрделі дүние екендігі бәрімізге мәлім. Тек аудармашы болу жеткіліксіз, оған қоса ақын болу да шарт. Сондай ақындарымыздың бірі – Абай Құнанбаев. Өлеңді еркін аударған ол Гете беруге тырысқан идеяны сақтап, қазақ тілінде төл туындыдай тәржіма жасайды. Абай, ең алдымен, оқырмандар қауымын ескеріп, оны қазақ тіліне бейімдейді. Гогольдің өзі де: «Түпнұсқаға жуықтау үшін одан алшақтап орайласу керек» – деген. Меніңше, Абай жан тәнін салып, рахаттанып, шабыттанып аударған өлеңдердің бірі осы болса керек. Себебі, ол сондай көркем және қазақтың төл туындысындай әсер қалдырады.

ӘДЕБИЕТ

1. <http://dmk.kz/aeze/abay-zhane-aударma.html>
2. <http://www.egemen.kz/indexold.php?act=readarticle&id=1477>
3. Бельгер Г. Брат среди братьев. – Алматы: Жазушы, 1981.
4. Бельгер Г. Ода переводу. – Алматы: Жазушы, 1976. - 208
5. Фет А.А. Ответ на статью «Русского вестника» об «Одах Горация» // Русские писатели о переводе. Л.: Сов. писатель, 1960. – 328 с.
6. Сидоров А.А. Гете и переводчик // Труды и дни издательства «Мусажет». - М., 1914. Тетрадь 7.
7. Жирмунский В.М. Гете в русской литературе. - Л.: Худож. лит., 1937.

8. Федоров А.В. Творчество Лермонтова и западные литературы // Литературное наследство, 1941. Т. 43–44. - С. 129–226.

